


Мәртөк ауданы, Саржансай ауылы, № 5 «Балбөбек» бөбекжай-бақшасы.

Бекітемін: 

Меңгеруші: Бахбергенова Н.А.

**1-Қазан «Қарттар күні»не арналған
ертеңгілік.
«Жақсы көрем атамды, жақсы көрем
әжемді!»**

Ұйымдастырған: музыка жетекшісі,
топ тәрбиешілері.

2023-2024 оқу жылы

(Фанфар. Жүргізуші ортада, сахнада жартылай шеңбер құрған «Ақбота» тобының тәрбиеленушілері!)

Жүргізуші: Армысыз ауылымның асылдары,
Жайналсын көңілдердің жасыл бағы.
Сіздер үшін ән мен күй, өлең мен би,
Сіздер үшін мереке шашулары.

Қымбатты ақылдың кенін арқалаған айбынды аталар! Ақ жаулықты аналар!
Барлықтарыңызды қазан айының алғашқы мерекелері қарттар күнімен
құттықтаймыз! Бүгінгі «Жақсы көрем атамды, жақсы көрем әжемді!» - атты
ертеңгілігімізге қош келдіңіздер!

Хор: «Жақсы көрем!»

Орындайды: «Ақбота» - тобының тәрбиеленушілері.

Жүргізуші: Қош келдіңіз ақ жаулықты аналар,
Ақыл кенін арқалаған аталар.
Алдарында жауқазындай құлпырған,
Біз алаңсыз балғын шақты балалар.

Құрметті ата-әжелер, немерелеріңіздің сіздерге арналған тақпақтарына кезек
берейік!

Менің әжем, ақ әжем,
Ұл мен қыздың бағы әжем.
Ертегі айтып бер десем,
Айтып береді тағы әжем.

Менің әжем, гүл әжем,
Алтын әжем, нұр әжем.
Анам үшін, мен үшін,
Нағыз әжем, тіл әжем.

Менің әжем, жыр әжем,
Шуағы мол нұр әжем.
Ақ таяққа сүйеніп,
Аман - есен жүр әжем.

Бесігіме бөлеп алып,
Сен тербетсең қалғимын.
Жүрегіме сіңіп жатыр,
Сенің айтқан әлдиң.

Қысылып еш саспаңдар
Кәнеки би бастандар
Ата - әжелердің көңілін.
Бір көтеріп тастаңдар.

Гүл - гүл жайнап бәріміз
Кірді біздің сәніміз
Қарттарымызды тойымен
Құттықтаймыз бәріміз.

Әжем ұйықтар алдында
Ертегі айтып береді.
Еркелеп ойнап жатқанда
Ылғи ұйықтап қаламын.

Әжем өрнек тереді,
Сырмақ отыр оюлап.
Басы ауыра береді,
Шай ішпесе, қоюлап.

Әжем менің асыл жан
Жақсылыққа үйретіп,
Жамандықтан шектейді.
Әжеме ешкім жетпейді!

Жанымда, өзің бар да,
Қуаныш сезем,
Жетелеп, жүрсің алға,
Аяулы әжем.

Менің әжем, ақ әжем,
Ұл мен қыздың бағы әжем.
Ертегі айтып бер десем,
Айтып береді тағы әжем.

Менің әжем, гүл әжем,
Алтын әжем, нұр әжем.
Анам үшін, мен үшін,
Нағыз әжем, тіл әжем.

Менің әжем, жыр әжем,
Шуағы мол нұр әжем.
Ақ таяққа сүйеніп,
Аман — есен жүр әжем.

Көп жасаған қария,
Ақылы теңіз дария.
Көп өнеге сөзі бар,
Сөзі-соқпақ, сөзі-нәр.

Ата отыр кәріміз,
Қуат берер дәріміз.
Әулиедей аялап,
Ардақтаймыз бәріміз!

Нұрдана: Жақсы көрем атамды,
Жақсы көрем әжемді.
Асыл сөзді мақалды,
Екеуі де әдемі.

Жүргізуші: «Ақбота» - тобына алғыс айтып, сахнадан шығарып салайық!
Алдында ақыл берер қария ғой,
Жақсылар жақсылыққа жария ғой.
Жастарға ол парасатты кеңес берер,
Сөзге бай ағып тұрған дария ғой.
Сіздерге арналған біздің би шашуымызды қабыл алыңыздар!

Би: «Атам менің»

Орындайды: «Ақбота» - тобының қыздары.

Би:

Орындайды: «Ақбота» - тобының ұлдары.

Би: «Ата-әжем!»

Орындайды: «Балапан» - тобының тәрбиеленушілері.

Би: «Бабушки – старушки»

Орындайды: «Гүлдер» - тобының ұлдары.

Би: «Детки-конфетки»

Орындайды: «Гүлдер» - тобының қыздары.

Жүргізуші: Қазақ қарты жасына лайық ауызы дуалы, сөзі берекелі, ісі тыңғылықты, ойы терең, ақылы тілегей теңіз болып келеді. Міне, осындай теңеуге лайық қарияларды жылына бір рет келетін 1-қазан Қарттар күнімен шын жүректен құттықтаймыз! Кешіміздің соңында балабақшамыздың меңгерушісі Несібелі Алданқызына сөз кезегін береміз!

Жүргізуші: Алатаудай кейпі биік қашанда,
Таң сызылып, күледі нұр шашарда
Бата бер деп бар адамдар жаяр қол,
Бір биіктен бір биікке асарда.
Сіздерден бата берулеріңізді сұраймыз! (Бата).

Бүгінгі кешіміз осымен аяқталды. Қош сау – саламат болыңыздар!